

2024 жылғы 26 қараша мен 30 қараша аралығында "Қазақстан жаһандық қосылған құн тізбегінде: экспорттық әлеует, Стратегия және интеграция тетіктері" жобасының зерттеу тобының мүшелері 2024 жылғы 08 қарашадағы № 604-л бұйрығына сәйкес Түркияның Стамбул қаласында қызметтік іссапарда болды.

Іссапар аясында Istanbul Kültür University-ге сапар жасалды (алдын ала келісім бойынша). Бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысының келешегін талқылау және ғылым мен білім саласындағы ынтымақтастық туралы меморандум жасасу үшін университет басшылығымен кездесу өткізілді.

GRoT - жаһандық саяси үрдістер орталығының жұмысымен таныстыру жүргізілді. Сараптамалық сұхбат жүргізілді және зерттеу тақырыбы бойынша материалдар жиналды.

Istanbul Okan University-ге сапар жасалды (алдын ала уағдаластық бойынша). Университет және оның департаменттерінің қызметімен егжей-тегжейлі танысты. Бірлескен ғылыми-зерттеу жұмысының келешегін талқылау үшін университет басшылығымен кездесу өткізілді. Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университеті мен Istanbul Okan University арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

Тузла кампусына, Бизнес және әкімшілік ғылымдар факультетіне сапар жасалды. KOSGEB – кәсіпкерлік бөлімінің жұмысымен танысты. GYP - кәсіпкерлік және инновация платформасының жұмысымен танысты. Сараптамалық сұхбат жүргізілді және зерттеу тақырыбы бойынша материалдар жиналды.